

Балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауының облыстық кезеңін өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Балалар музыка және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауының облыстық кезеңін (бұдан әрі – Фестиваль-байқау) өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін, форматын, өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2. Фестиваль-байқаудың мақсаты: оқушылардың музыкалық-эстетикалық тәрбиесін жетілдіру, олардың орындаушылық шеберлігін арттыру, заманауи қоғамда музыкалық өнерді насихаттау, музыкалық өнер мен білім берудегі жаңа прогрессивті үрдістермен классикалық дәстүрлердің өзара әрекеттесуін іздеу, балалар музыка мектептері мен өнер мектептерін дамыту, білім алушылардың тұлғасын тәрбиелеудегі, оқытудағы және шығармашылық дамуындағы олардың рөлін арттыру.

3. Фестиваль-байқаудың міндеттері:

1) музыкалық өнердің жоғары көркемдік үлгілері негізінде жас музыканттарды тәрбиелеу және рухани-адамгершілігін дамыту, білім алушыларда танымдық қызығушылықты және эмоциялық қабылдауды қалыптастыру;

2) жас музыкант-орындаушылардың шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруы және олардың мәдениет саласындағы әлеуметтік бейімделуі үшін жағдай жасау;

3) білім беру ұйымдары арасында тығыз шығармашылық байланыс орнату, орындаушылық және педагогикалық тәжірибе алмасу;

4) жас музыканттардың орындаушылық шығармашылыққа қызығушылығын жандандыру, әрі қарай қолдау және олардың шығармашылық белсенділігі мен кәсіби бағдарын ынталандыру мақсатында талантты балалардың жаңа есімдерін анықтау;

5) балаларды іс-шараларға тарту арқылы қосымша білім берумен қамтуды арттыруға ықпал ету.

4. Фестиваль-байқауды «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы өткізеді.

5. Фестиваль-байқаудың әділ қазылар алқасының және ұйымдастыру комитетінің құрамдарын ұйымдастырушылар қалыптастырады.

2. Фестиваль-байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

6. Фестиваль-байқауға қатысу үшін аудандық, қалалық білім басқармалары басшыларының қолы қойылған өтініштер электронды түрде kosymsha.bilim.bery@mail.ru электронды поштасына **2023 жылғы 21 ақпанға** дейін қабылданады.

7. Өтінімге мыналар қоса тіркеледі:

1) байқау кезеңінің аудандық, қала жеңімпаздарының қатысуы туралы өтінім (қатысушының Т. А., туған жылы, білім беру ұйымы, сынып, үй мекенжайы, телефоны);

2) қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3) <http://www.youtube.com> арнада орналастырылған бейнематериалға сілтемелер (бейне сапалы, тоқтаусыз бір роликпен жазылуы керек. Әр түрлі қойылымдардан «кесуге» жол берілмейді, кіші және орта топ үшін бір сілтеме, үлкен топ үшін екі турға екі сілтеме болуы керек).

8. Фестиваль-байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттарымен марапатталады.

3. Фестиваль-байқауға қатысушылар

8. Фестиваль-байқауға музыкалық мектептер мен өнер мектептерінің, Оқушылар сарайларының музыкалық мектептерінің фортепиано сыныбы бойынша хор ұжымдары мен солистері қатысады.

9. Қатысушылардың жалпы саны-33

4. Фестиваль-байқаудың шарттары мен тәртібі

10. Фестиваль-байқаудың іріктеу кезеңдері:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

аудандық (қалалық);

облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалары.

2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық Фестиваль - байқау.

11. Фестиваль-байқаудың бірінші өңірлік білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен анықталады.

Фестиваль-байқау санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып, адамдардың көп жиналуына жол бермей немесе қашықтықтан өткізіледі.

12. Фестиваль-байқау *келесі номинациялар бойынша* өткізіледі:

а) фортепиано сыныбы бойынша білім алушылардың жеке орындауы;

б) хор ұжымдарының өнер көрсетуі.

Әр номинацияға қатысу міндетті.

13. Фортепиано сыныбы бойынша білім алушылардың жеке өнер көрсетуі келесі жас санаттары бойынша жүргізіледі:

1) кіші жас тобы-7-9 жас;

2) орташа жас тобы-10-12 жас;

3) ересек топ-13-17 жас.

Қатысушылардың жасы ағымдағы жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша анықталады.

14. Кіші жастағылар тобының қатысушыларына қойылатын бағдарламалық талаптар музыка мектебінің V сынып білім алушыларына арналған бағдарламалық талаптардан төмен болмауы керек, орта жастағы топтар үшін VI сыныптың, ересек жастағы топтар үшін VII сыныптың бағдарламалық талаптарынан төмен болмауы керек.

15. Кіші және орта жастағылар тобында байқау 1 кезеңде, ересек жастағылар тобында 2 кезеңде өткізіледі. II кезеңге қатысушылардың жартысынан аспайтын саны өтеді.

16. Хор ұжымдарының құрамында фестиваль-байқауға дирижер және концертмейстер ретінде педагогтердің қатысуына жол беріледі.

17. Бағалау өлшемдері:

Хор ұжымдары

№	ұжым қатысушысының тегі, аты	туған күні	Ұжым жетекшісінің Т.А.Ә., Байланыс телефондары. Концертмейстер (Т.А.Ә. толық)	шығарманың авторы	шығарманың атауы	барлық жұмыстарға 1 сілтеме
1						

Ескерту:

1. Өтінімде көрсетілген орындау бағдарламасына және бағдарламалық тәртібіне өзгерту енгізуге болмайды.

2. Концертмейстер немесе педагог иллюстратора болмаған жағдайда өтінімдегі кесте ұяшығы толтырылмайды.

БАЙҚАУДЫҢ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ТАЛАПТАРЫ

Кіші жастағылар тобы (фортепиано сыныбы)

1. И.С. Бах – Екі дауысты инвенциялар.
2. Сонатин немесе вариация – Клементи, Кулау, Гайдн, Моцарт, I бөлім немесе II және III бөлім.
3. К. Черни этюдi (ред. Гермера) II бөлім немесе виртуозды пьеса.
4. Қазақстандық композитордың пьесасы.

Ортаңғы жастағылар тобы (фортепиано сыныбы)

1. И.С. Бах үш дауысты инвенция немесе «Жақсы темперирленген клавирден» кіріспе және фуга (таңдау бойынша).
И.С. Бах «Екі дауысты инвенция» немесе И.С. Бах «Үш жолақты инвенция» немесе прелюдия және фуга «Жақсы темперирленген клавир» (таңдау бойынша).
2. Черни этюдi, 299 немесе 740 шығарма (таңдау бойынша), М. Мошковский этюдi немесе виртуозды пьеса.
3. Көлемді форма: Й. Гайдн, В. Моцарт, Л. Бетховен, I бөлім немесе II және III бөлім.
4. Қазақстандық композитордың пьесасы.

Ересек жастағылар тобы (фортепиано сыныбы)

1 кезең

1. И.С. Бах. «Жақсы темперирленген клавир» прелюдия және фуга (таңдау бойынша) немесе үш дауысты инвенция (таңдау бойынша).
2. Көлемді форма: Й. Гайдн, В. Моцарт, Л. Бетховен, I бөлім немесе II және III бөлім.
3. Этюд:
 - а) Черни, ор. 299 т. 4, 5, 6, ор. 740 (таңдау бойынша).
 - б) М. Мошковский (таңдау бойынша).
 - в) Ф. Лист. Ф. Шопен.

2 кезең

1. Виртуозды пьеса.
2. Қазақстандық композитордың пьесасы.

Хор ұжымдары

1. Хор ұжымдары туындылардың бірі халық ұлттық музыка негізіндегі 3 немесе 4 дауыспен орындалатын кемінде 4 туынды дайындайды.
2. Хор ұжымдарының Байқау бағдарламасында мыналар болуы керек: классикалық шығарма, халық әні, қазақстандық автордың туындысы, еркін жұмыс, Бір шығарма «акапелла» орындалады.
3. Байқауға хор ұжымдарының жоғары сыныптары қатысады. Орындалу уақыты – 15-20 минут.